

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Басшылардың рөлдерінің түрлері
және типологиясы

Басшы – лидер, жетекші.



Лидер(басшы) — қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам Лидер ретінде танылады. Лидер алға қойған мақсатқа жету үшін белгілі бір әлеуметтік ортада адамдардың күш-жігерін біріктіріп, іс-әрекетін қоғам мүддесіне сай жүргізеді. Лидерге алғырлық, ақылдылық, қажырлылық, ұйымдастырушылық, жұртқа жағымдылық, сондай-ақ өзіне жауапкершілік ала білу және іскерлік таныта білушілік, т.б. қасиеттер мен қабілеттер тән. Кез келген тарихи кезеңде, қоғамдық-саяси өмірде Лидер аса беделді тұлға ретінде танылады

М.Вебердің айтуы бойынша лидерліктің типі:

1.Дәстүрлі лидерлер (көсемдер, монархтар);

2.Рационалды-заңды (билікті қолданыстағы бар заңдардың негізінде алады);

3.Харизматикалық (яғни, беделді адамның бойында ғажайып қабілеттердің болуы).



Лидердің негізгі қызметі:



- интегративтік, яғни халықтың белгілі бір бөлігінің мүддесін анықтау және саяси бағдарламаны жасау;
- алға қойған мақсатты орындау үшін ұтымды шешімді табу және қабылдау қызметі;
- билік органдарының қоғам мүшелерімен байланысын нығайту, қоғам мүшелерінің биліктен және басқарудан шет қалуын болдырмау қызметі;
- бір жерге жұмылдырушы, яғни нақты міндеттерді шешуге көпшілікті ұйымдастыру, көпшіліктің әлеуметтік күш-қуатын, саяси мәдениетін және белсенділігін дамыту қызметі;
- прагматикалық, яғни мақсат пен міндеттерді нақты әрекетке айналдыру.

Психологиядағы зерттеулерде лидердің мынандай қатынаста қызмет атқаратындығы айқындалған:

- ол топ алға қойған мақсатқа жетудің жолдары мен құралдарын жоспарлайды;
- топ мүшелері арасында атқарылатын іске жауапты адамдарды белгілейді;
- егер топтың алдына маңызды іскерлік мүдде қойылған болса және бұл топ өндірістік еңбек ұжымы болса, белгілі бір топтық шырай орнатады;
- топ мүшелерінің әлеуметтік белсенділігін дамытады.

Басшы – жол таба білетін, өзгелерге жол көрсете алатын, өзіне жүктелген міндетті сезіне білетін, ауыртпалыққа төзе білетін тұлға.



Лидерліктің типологиясы барынша шартты болып келеді және түрлі критерийлер бойынша сараланады:

–лидерлік типі бойынша: программист, стратег, орындаушы, дем беруші;

–қызметінің сипаты бойынша: әмбебап, жағдайға қарай әрекет етуші;

–лидерлық ету стилі бойынша: демократшыл, авторитарлы, анархиялық;

–кешенді критерий: дем беруші, әмбебап, авторитарлы, орындаушы, жағдайға қарай әрекет етуші, стратег, демократшыл және т.с.с.

Басшыға бағаны бірқатар факторлардың негізінде беруге болады:

жалпы міндетті шешудің барынша ұтымды вариантын табуға деген оның қабілеттілігі;

таңдап алған жолдың мақсатқа сай екендігіне көпшілікті сендіру және алға қойған мақсатқа қол жеткізу үшін оларды ұйымдастыру;

жаңа нәрселердің өсуін уақытында байқауға деген оның мүмкіндіктері, қоғамның тезірек даму прогресі мақсатында оларға қолдау беруді қамтамасыз ету.

Назарларыңызға
а рахмет !